

С 11 по 17 ноября 1995 г. в Иране было торжественно отмечено 150-летие со дня рождения великого казахского мыслителя, просветителя, поэта Абая Кунанбаева. Для участия в праздновании в Тегеран и Мазендархан выезжала группа казахстанских ученых и деятелей искусств во главе с Президентом Республики Казахстан Н. А. Назарбаевым.

На Днях Абая в Иране с докладом „Слово об Абае“ выступил президент Национальной академии наук академик НАН РК К. А. Сагадиев.

К. Ә. САҒАДИЕВ

Қазақстан Республикасы

Ұлттық ғылым

академиясының президенті,

Қазақстан Республикасы

Ұлттық ғылым

академиясының академигі

АБАЙ ТУРАЛЫ СӨЗ

Құрметті мырзалар мен ханымдар!

Ардақты ағайын!

Қадірлі ирандық достар!

Бүгін біз қазақ халқының ұлы перзенті — Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толған мерей тойына орай Иран үкіметі мен жұртшылығының ұйымдастырып отырған мерекесіне жиналып отырмыз. Мұны біз ұлы ақын Абайға, жалпы қазақ еліне жасалып отырған зор құрмет деп білеміз. Ұлы ақын, кемеңгер философ, ғұлама ойшыл, тамаша композитор, гуманист, қазақ халқының ХІХ ғасырдағы Ренессанстық оянуының ең жарқын жұлдызы Абай біздің шын мәніндегі шексіз мақтанышымыз, биік мәртебебіміз.

Ал енді осындай рухани көсеміміз Абай үшін, жалпы қазақ халқы үшін қасиетті иран жерінің, фарсы мәдениетінің орны ерекше, бөлек. Үйткені Абай жас кезінен, шәкірт шағынан бастап:

Физули, Шәмси, Сәйхали,

Науаи, Сағди, Фердауси,

Хожа Хафиз-бу һаммаси

Мәдәт бер шағири фәрияд, —

деп сиынған пірлерінің көбі осы иран топырағында туған, есімдері бүкіл әлемге аян саңылақ ақындар.

Абайдың 150 жылдық мерей тойын тойлау туралы ЮНЕСКО-ның арнаулы шешімі тағы да бір рет даналыққа тағзым етудің, адам рухының ұлылығын бағалаудың үрдісіне айналды. Абай қазақ даласындағы жаңалық атаулының жаршысы болды. Оның гуманистік идеялары адамзаттың ең биік мұраттарымен үндесіп, қазақ халқының қоғамдық ой-санасына

айрықша ықпал етті. Абайдың өлмес өнері мен өміршең ойлары бүгінгі өміріміздің де алтын арқауына айналып отыр.

Қазақ халқының өткен тарихын да, бүгінгі егемендік алған келбетін де осы бір асқар таудай тұлғасыз елестету мүмкін емес. Абай ұлттық әдебиет пен мәдениеттің шыңы ғана емес, бүгінгі адамзаттың даму барысында дербес Қазақстан халқының өз орнын танып-түсіну үшін, сөйтіп әлемдік мәдениет аясында өзіндік қадір-қасиетін арттыру үшін Абай сияқты ұлы тұлғалар қашан да рухани бағдар болып қала бермек.

Абай — әлемдік тұлға. Ол өз халқының мұң-мұқтажын, мәдениетін, қоғамдық ой-санасын, көркемдік ізденістерін мүлдем жаңа сапаға көтерді. Сонымен бірге оның арман-аңсары (идеалы) бүкіл адамзаттың ең биік асыл мұраттарымен де үндесіп жатыр. XX ғасырда кез келген қоғамның парқын, түптеп келгенде, адам сапасымен өлшеу үрдісі бірінші кезекке шығып отыр. Бұл тұрғыдан, Абай көксеген „бүтін адам“, Абай армандаған „толық адам“ проблемасы ең озық ой-идея ретінде бүгінгі зерделі қауымды да бейтарап қалдырмайды. Абайды тану арқылы біз өз болмысымызды терең тани түсеміз. Өткен мен бүгінгінің парқын білеміз, болашағымызға сеніммен қараймыз.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің қайнар бұлағынан еркін сусындап өскен Абай, сонымен бірге Шығыс пен Батыстың көркемдік дәстүрі мен философиялық ойларын да шығармашылықпен терең игерді. Қазақ халқының өзге халық тармен рухани жақындасуын барынша күшейтті, оған талмас қанат бітірді. Осы үш бұлақтан нәр алған Абай дүниетанымы іс жүзінде шексіз, ойы адам баласына ортақ. Шығыстың даналық ойлары мен классикалық әдебиетін, Батыстың мәдени және әдеби үрдістерін даналықпен игерген Абай мұрасының бізге берер тағлымы — дүниенің алуан сырлы екендігі және оны тұтастай ұғынудың қажеттілігі еді. Оның дүниетанымына философия мен поэзия, философия мен көркем сөз қатысып жатады.

Қазақ және иран халықтарын жақындастыратын және біріктіретін тарихи тұлғалар баршылық. Соның бірі Отырардан шыққан және кезінде Шығыстың екінші ұстазы атанған алғашқы кәсіпқой философ, ғұлама ғалым Мұхамед Абу Наср әл-Фараби. Осыған орай „әл-Фарибиден Абайға дейінгі тарихи“ және рухани сабақтастықты зерттеу бүгінгі күннің келелі мәселесі. Екі ғұлама ойшылдың философиялық идеялары арасында терең үндестікті аңғарамыз. Абайдың ақындық және философиялық шеберлігінің басты қайнар көзі Шығыс ақындары мен ойшылдарының күнды идеялары мен принциптері. Бай араб мәдениеті және арабтық-мұсылмандық философиялық ой әл-Фараби мен Абайды байланыстырар ортақ рухани бастау. Абай жырлайтын адамның сұлулық пен бақытқа, әсемдік пен ұлылыққа үмтылуы және жетуі сияқты идея әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық ілімінен басталады. Бұл ілімді ирандық ағайындар да зор құрметтейді. Осыдан, қазақ және иран халықтары тарихи тұрғыдан қарағанда діні, мәдениеті, тарихы, әдебиеті жағынан өзара жақын, ынтымақтас, дос халықтар.

Әдетте қазақ халқы даналыққа, философияға күштар халық. Сол даналықтың өлшемі болып Абай сынды бүкіл әлемдік ауқымдағы зерделі ақыл-ой алыбының бай рухани мұрасы есептеледі. Оның ақындық және

рухани мұрасын халқымыздың ұлттық энциклопедиясы деп те орынды атайды. Сондықтан да ондағы ұлттық идеяны игеру мен іске асыру қазіргі қиын кезеңді басынан кешіріп отырған қазақ ұлтының, бүкіл қазақстандық отандастарымыздың басты идеялық бағдары болмақ.

М. О. Әуезов айтқандай, „Ұлттық және бүкіл адамзаттың мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды. Абайдың ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық және бері шапағаты нәр алған арнаның бірі — халықтың өзі жасаған, ауыздан ауы тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы... ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна — Шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы“. „Үшінші арна — орыс мәдениеті, Еуропа мәдениеті“4. Осылардың ішінде Абайдың дүниетанымы мен философиясын қалыптастыруда Шығыстың рухани қазынасының, әсіресе бай парсы әдебиеті мен мәдениетінің ықпалы мен әсері басқа екі арнаға қарағанда басымырақ болды. Ол араб пен парсының бағырлық дастандары мен жырларын, әлемге әйгілі ақындарының құнды туындыларын, ат-Табари, Рабғузи, Рашид-ад-Дин, Бабур-Захиреддин Мұхамед, Абылғазы-Баһадур ханның тарихи еңбектерін, сондай-ақ мұсылмандық хук пен логика негіздерін жетік меңгерген-ді. Өзінің айрықша қабілетінің арқасын өз бетімен жүйелі түрде оқып, араб және парсы тілдерін жедел игереді. Сөйтіп ол халқымыздың тағы бір аяулы перзенті Әл Бөкейханов айтқандай қасиетті кітаптардың білімпазы атанады. \*

Абай Шығыстың ұлы ақындары Фирдоуси, Низами, Хафиз, Жами, Сағди, Сәйхали және басқа да алыптардың сиқырлы әуез, бәрік ұлттық рух, қиыннан қиысқан шынайы шеберліктің үлгісіндей ғажайып поэзиясының аясында тәрбиеленіп, өмір бойы солардың дәстүрінен қол үзген жоқ. Өйткені Шығыстың ғұлама ойшыл ақындарының еңбектері терең философиялық астарлы болып, философияның өзі поэзиялық немесе әдеби формада өмір сүреді. Бұл да Шығыстың ерекшелігі. Жетілген және толық адам тақырыбы бүкіл Шығыс философиясы мен мәдениетінің негізгі және басты проблемасы. Осыған орай жоғарыда аты аталған данышпан ақындар адамды адамгершілік, имандылық, кісілік, парасаттылық, ішкі рухани дүниесі жағынан жетілдіру мен дамыту принциптерін ашып, шығыстық эстетика мен этика мәселелерін алға тартады. Сөйтіп, қоғамды жаңа күйге көшіруге болатынын көрсетеді. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктерін ашып, Абай бұлмен ғалымның әлеуметтік ролін жоғары бағалап, адамтану мен қазақтану жүйелі түрде қалыптастырады

Иранның сұңғыла ойшыл ақындарының адамға деген сүйіспеншілікті тереңнен ұғатын ерекше қасиеттері Абай лирикасы мен поэзияларынан жақсы көрініс тапқан. Барлық Шығыс ойшылдары сияқты Абайдың „Адам бол!“4 атты үндеуі оның бүкіл творчествосының негізгі арқауы болды. Осының барлығы Шығыс философиясы мен мәдениетінің, оның ішінде Абай дүниетанымының ерекшелігін және тарихи-рухани сабақтастығын сипаттаиды.

Сонымен Абайдың негізгі зерттейтін проблемасы адам, оның болмасы мен зерделі ойы, рухы мен намысы, еркіндігі мен қиын, арманы

мен тұтыну мәдениеті, білімділігі мен имандылығы, ақылы мен ұяты. Ол былай дейді:

... Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап-күлмес  
„Мені“ мен „менікінің“ айрылғанын  
„Өлді“ деп ат қойыпты өңкей білмес...

Адам, оның дүниемен қатынасы, өлім мен өмірдің мәні, халықтық болмыс пен ойлаудың ерекшелігі Абайдың кісілік, адамшылық философиясының негізгі проблемалары. Бүгінгі таңда да бастан кешіп отырған дағдарыстың өзі де сайып келгенде осы адамның дүниеге деген түбегейлі қатынасының дағдарысы. Осы қатынасты түбірінен өзгертпейінше біздер дағдарыстан алмаймыз.

Тіпті мына бір өлең шумағында Абай қазіргі біздермен үндескендей, оларға барлық ішкі сырын ақтарып тастағандай:

...Жүрегімнің түбіне терен бойла,  
Мен бір жумбақ, адаммын, оны да ойла,  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Әрбір адам өз халқы үшін қызмет етеді. Сондықтан ол халқының алдында жауапты. Адам өзінің рухани жағынан мейірімді, қайырымды, иманды, еңбек сүйгіш болуы қажет. „Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ“, — дейді Абай. Адал еңбек адамның жан дүниесін табандылыққа, өжеттілікке, алғырлыққа, кәсіпкерлікке, мейірімділікке баулиды, ал, оның қадірін білмейтін салбөксе жалқаулар көбіне жануар сияқты тек ішіп жегенді ғана көздейді. „Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің душпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады“. Қысқасы, ғұлама философ-акын еңбекті байлық пен игіліктің қайнар көзі, адам қызметінің ең биік өлшемі, халқына, отанына жалықпай қызмет етудің, оның ұлттық мүддесін жүзеге асырудың, ар-намысын қозғаудың басты көрсеткіші деп білді.

Адамның рухани жағынан жетілген тұлға ретінде қалыптасу процесінде еңбектің, өскен ортаның және тәрбиенің атқаратын рөлі айтарлықтай. Әсіресе, әрбір адам өзін өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыру бұрын да және қазіргі заманда да өте қажет. Ол жөнінде Абай: “Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір — өзіңнен өзің есеп ал. Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірінді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің. Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?” Осы жерде Абай адамның өзін басқалардың сын көзімен қарап, істеген ісіне бағалық талдау жасауға, өзінің күнделікті іс-қимылына өзі сын көзбен баға беруге, өзін-өзі қатаң тексеруден өткізуге шақырады.

Сонымен қатар Абай адамның тұтыну мәдениетіне айтарлықтай көңіл аударады. „Әрбір жақсы нәрсенің өлшемі бар, өлшемінен асса — жарамайды. Өлшемін білмек — бір үлкен керек іс... Ішпек, жемек, кимек,

күлмек, көңіл көтермек, күшпек, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық — бұл нәрселердің бәрінің де өлшемі бар“. Сол өлшемнің шамасын ұяттылық пен арлылық анықтауға болады. Осындай сезімі бар адам қанағатшыл кісі болмақ, ал қанағат қарнын тойдырады.

Абай имандылық және адамгершілік идеясын өмір бойы ту етіп көтерген ұлы философ-ақын. Оның пікірінше, еңбек адамды бостандыққа, байлыққа, іскерлікке, бақытқа жетелейді. Игіліктерге қол жеткізер еңбек, оның өнімдерін дұрыс иемдену, бейбіт өмір және әлеуметтік тұрақтылық, халықтар арасындағы ынтымақ пен достық, қайырымдылық пен әлеуметтік әділет, білім мен ғылым салтанат құрған қоғам ақынның әлеуметтік арманы, мақсаты болды. Ол былай дейді:

Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

Абайдың пікірінше, әрбір азамат үшін үлкен бақыт — халықтың қайғысы мен ауыртпалығын өз иығына көтеріп, оған барынша мол пайда келтіруде. „Өзің үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсан, Алланың сүйген құлының бірі боласың“.

Сонымен ұлы Абайдың рухани, даналық мұрасы терең мағыналы философиялық идеяларға толы. Оның адам туралы біртұтас философиялық ілімі Батыстағы Л. Фейербах пен Н. Чернышевский сияқты ғұламалардың антропологиялық концепцияларынан жоғары тұрған ілім. Әрбір хакім оның пікірінше, міндетті түрде әрі ғалым, әрі философ, ал әрбір ғалым немесе философ хакім емес. Ендеше, данышпан Абай хакім болып есептеледі. Яғни әрі ғұлама ғалым, әрі ғұлама философ-ойшыл.

Абайды тану — бұл қазақты, адамды тану, қазақ халқын тану. Өзімізді өзіміз тани отырып, өзімізді басқаларға, әлемге таныту. Сөйтіп, халқымыздың ұлттық сана-сезімін оятып, оның қайта жаңғыртып, іштей біріктіріп, басқа ұлыстармен ынтымақта болып, әлеуметтік серіктестік арқылы орнықты демократиялық даму болып табылады. Бұл біздің Абай атамыз салып берген даңғыл стратегиялық бағы тымыз.

Сайып келгенде, Абай тұлғасы оның даналығында, даналықты иемденген қайратында, ойының тереңдігінде және батылдығында. Оның рухани кеңістігі өз халқының әлеуметтік кеңістігімен шектелмей, бүкіл адамзат тарихымен, Батыс және Шығыс мәдениеттерімен тоғысты және тілдесті. Абайдың өмірлік ұраны: „Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде. Сонан тапқан — шын асыл, тастай жүрме“, яки табандылық пен талаптылық, татулық, жолдастық, сыйластық, кәсіптік икемділік.

Сайып келгенде, адамтанудың негізінде мынандай үш бірдей идея жатыр: „адам бол“, „адамгершілікке жол тап“, „Адамдық абыройды сақта“. Ақыл, жүрек, қайрат сияқты адамдық қасиеттерді қатар ұстаған Абай сынды ғұлама тұлға бүгінгі күні біздер үшін зор мағынаға ие болып отыр. Ол адамның табиғатына, руханилығына, әлеуметтілігіне баса назар аударды. Сондықтан да Абайдың рухани және ақындық мұрасын терең игеру және оны әрбір адам өзінің бойына терең сіңіру біздерге, қазақтарға үлкен міндет.

Абайдың рухани мұрасы арқылы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы тәуелсіздік пен егемендікке ұмтылған қазақ халқының тағдыры мен тауқыметі анық көрінеді. Дегенмен, Ресей және Совет империясы өзінің орыстандыру және отарлау саясатын елімізде мықтап жүргізді. Сөйтіп, Абай өз заманының әлемдік мәдениет деңгейіне көтерілген озық тұлғасы, өз халқының келешегін терең топшылаған данышпан ойшылы болды. Ғұлама тұлғалар әрқашанда көптеген тарихи дәуірлердің, ендеше, біздің де өмір сүріп отырған өтпелі кезеңнің де замандасы, тірегі, рухани кеңесшісі болмақ. Абайдың ұлылығы мен данышпандығы осында. Оның тұлғасы жан мен тән саулылығының, зерде мен парасат шоқтығының жарқын бейнесі, тәңір берген салт-дәстүрге негізделген қабілет-қасиеттердің тұтастығында. Данышпан Абайды өмірге келтірген қазақ халқы да данышпан халық, ендеше, оның келешегі өте зор, өркениетті қазақ мемлекеті болмақ.

Міне, осындай жалпы адамзаттық ақыл-ой мәдениеттің ең биік аскарынан көрінген, ғұлама синтез тұлға Абай әлемдік генилдермен бір қатарда тұр. Фирдоуси мен Физули, Сағди мен Низами, Хафиз бен Науаи, Байрон мен Гете, Пушкин мен Лермонтов ... Міне, бұлар Абай дүниетанымының, көркемдік әлемінің отау тіккен ордасы, теңесер терезесі еді.

Иә, әдебиет халық тағдырынан, ел тарихынан тыс өмір сүре алмайды. Оның тандаулы үрдістері қоғамның дамуына, әлеуметтік-саяси ой-пікірдің жаңа арнамен өркендеуіне әсер етпей қоймайды. Демек, әдебиеттің әлеуметтік-қоғамдық мән маңызын бұл арада дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас. Ал Абай сияқты дана тұлға осы бір процестің бел ортасында тұрғанымен ғана емес, сол қоғамдық ой-пікірдің соны сапада, мүлдем тың арнада дамуының ұйытқысы, алтын дінгегі болуымен айрықша құнды.

Абай Құнанбаев — қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай шығармалары қазақ қоғамының ХІХ ғасырдағы тыныс-тіршілігінің, болмыс-бітімінің қоғамдық қайшылығының бар шындығын асқан шеберлікпен алдыңызға жайып салады. Абай поэзиясы мен қара сөзінің ең басты кейіпкері өзін толық сезінуге, өмірдегі, қоғамдағы өз орнын жан-жақты білуге тиіс — Адам, Тұтас, Тұлға. Бірақ бұған жетудің жолы алыс... Міне, Абай сөзімен айтқанда осы бір „Соктықпалы, сокпақсыз жерде“, бұлтарысы көп қиын жолда ақын дауысынан бірде мұң-зар, бірде жарқын шаттықтың лебі еседі, бірақ, мейлінше мөлдір, шексіз рухани тазалық, осының бәрінде оқырманға үнемі серік болады.

Қазақ фольклоры мен бұрынғы дәстүрлі әдебиеттің бары мен нәрін өз бойына сіңіріп өскен Абай, сол әдебиеттің туын да әлемдік әдебиет тұғырына қондырған дара тұлға. Абай өмір сүрген ХІХ ғасыр қазақ халқының тарихындағы аса бір күрделі, қиын-қыстауы мол кезең еді. Еркіндікке ұмтылу, ұлт-азаттық күрес, ағартушылыққа кең құлаш сермеу, адамзаттық ой-санаға қол созу, міне бұл ғасырдың қазақ халқының тарихындағы көрінісі осындай болмақ.

Құдіретті Абай сөзі осы бір дәуірде қазақ халқының арман-тілегінің, мұңзарының айқын айнасы болды. Оның поэтикалық, ғақлиялық мұрасы қазақ әдебиетінің тереңнен тартылған дәстүріне жанаша сипат үстеді. Ақын өзіне дейінгі бар рухани мұрағатты игере отырып, Шығыс пен Батыстан

тел суысндап, әдебиет пен ақындық өнерге соны опак соқпақ сала алды. Ол қоғамды артқа тартатын, адмды жарымжан ететін кемшілік атаулының бәріне қарсы күресті. Бұл күресте Абайдың басты қаруы сөз болды. Бұл сөз — асқан дананың, кемеңгер суреткердің жүрек жарды сөзі еді. Өзінің поэтикалық-философиялық шығармаларында Абай көшпелі қоғамдық болмысын мейлінше терең, шыншылдықпен суреттей отырып, адамзат дамуының алдыңғы легінен ығысып, шет қақпай бола бастаған көшпелі қоғамды озық елдің қатарына қосуға, ең бастысы „жарымжан адамды“ „толық адаммен“ алмастыруға барлық күш-қайратын, қасиетті сөзін аяған жоқ. Сонымен қатар ол көшпелі қоғамның да адамзат тарихында алар орны, өзіндік мәні барын да терең сезінді. Абайдың өлеңдерін оқығанда жылдың әр мезгіліндегі дала тіршілігінің тынысымен сізде махабаттық сезіммен дем алғандай боласыз...

Абай өзгермейтін Алланы танушы философ екенін мына сөздерден байқаймыз:

Алланың өзі рас, сөзі де рас,  
Рас деген сөз ешуақытта жалған емес.

Осы жерде Алланың растығы танылатын болмыс ретінде байқалады. Рас мәңгіліктің өлшемі, Алла мәңгілік шындық. Ол адамның өмір сүруімен дамуының кеңістігі. Алла мен өзгеруші адам болмысы Абай философиясы мен дүниетанымының өзекті мәселесі. Махаббат сезімі екеуін байланыстыратын күш.

Дененің барша қуаты,  
Өнерге салар бар күшін.  
Жүректің ақыл суаты  
Махаббат қылса тәңірі үшін, —

дейді Абай. Ендеше, махаббат адамдықтың өлшемі, сондықтан „махаббатсыз дүние бос“. Адамға адамшылықпен қарау, Абайдың пікірінше, мұсылмандықтың негізгі шарты.

Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,  
Пендесіне қастық пен кінә қойма.  
Распен таласпа мумин болсаң  
Ойла, айттым, адамдық атын жойма.

Абайдың дара қайталанбас тұлғасын сезінбей тұрып, Абай поэзиясы мен қара сөздерінің көркемдік нәрі, кемеңгерлік қуатын, даналық сипатын тану мүмкін емес. Ақын тұлғасы оның поэзиясының айнасы. Абай — хакім, Абай — дана. Олай дейтініміз Абай шығармаларының мазмұны қазақ қоғамының шекарасымен шектелмейді, оның мән-маңызы жалпы болмыс (действительность) атаулыға объективті түрде баға берудің үлгісі бола алады.

Бұл орайда Абай тек қазақ өлеңі мен поэзиясының шын мәніндегі реформаторы болып қана қойған жоқ, ол өзінің жаңашыл идеяларымен өз халқының дүниетанымына да айрықша ықпал етті. Абайдың еркіндікке ұмтылған рухы, биік гуманизмі, бай демей, кедей демей әр адамның жанына үңілген жан сыры, кереген ойы жеке индивидтің жетер межесі, толысар мәресі болып қалмақ. Ал бұл нысана ұлт таңдамайтын, керісінше, барлық адамдардың басын қосатын адамзаттың ортақ мақсаты екені шүбасыз.

Иә, Абайдың артында қалған ғажайып зор мұрасына берілер баға, айтылар сөз уақыт шекарасын да, халықтар мен мемлекеттер шекарасын да еркін аттап, қанатын кең жая бермек. Парижде, Лондонда, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Киевте, Ташкентте, Түркияда, Қытайда т. б. көптеген елдер мен қалаларда өткен Абай күндері осының куәсі. Ал Қазақстанда, оның астанасы Алматыда өткен салтанатты ғылыми сессияда 24 елден келген 50-ден астам көрнекті мемлекет, қоғам, ғылым және мәдениет қайраткерлері қатысқан мәжіліс Абай шекарасының жалпы адамзаттық деңгеймен өлшенетінін көрсетті. Сөйтіп, Абайға деген зор құрмет, Қазақстанға, 10 млн. қазақ халқына, оның мәдени-рухани мұрасына көрсетілер құрметке айналды.

Иә, сөз орайы келгенде айта кетейін, осы бір зиялылар қауымының бас қосуында Ислам Иран Республикасының сыртқы істер министрі, доктор Әли Әкбар Велаятидің арнайы делегацияны басқарып келіп, Абай туралы айтқан жүрек жарды сөзі баршамыздың көңілімізге қонды, мәртебеміз өсті. Оған ризашылығымызды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Иран халқы өкілдерінің Қазақстандағы Абай тойына қатысуының да, бүгін Ислам Иран Республикасында Абай күндерінің өткізіліп жатқанының да, Абай өлеңдерінің парсы тіліндегі таңдамалы тәржімесінің жарыққа шығуының да айрықша мән-маңызы барын біз жақсы түсінеміз. Себебі ғасырлар қойнауына сүңгіген сайын тарихи-мәдени кеңістігіміздің ортақ, түйісер сәттерінің аса мол екендігі шүбасыз. Алыс-беріс, мәдени, шаруашылық қарым-қатынас, рухани байланыстарымыз біздердің ата-бабаларымызда талай ғасырлар бойы үзілмеген. Иран фольклоры мен мифологиясының сюжеттері мен кейіпкерлері, дастандары мен ертегілері есте жоқ ескі замандардан бері қазақ арасында кеңінен тараған. Олар біздің төл шығармаларымызға айналып кеткен. Парсы әдебиетінің классиктері де қазақ оқырмандарына ертеден таныс.

Ал Абай мұрасына келер болсақ, оның қайнар бұлағының бірі — Шығыс мәдениеті мен әдебиеті екенін тағы да айтып өту парыз. Себебі бұл ұғымның негізгі мәні — парсы тілінде жазған ұлы ақындар мен философтардың мұрасымен Абай шығармаларының рухани жалғасып жатуында. Рудаки, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Физули, Науаи, Шамси, Низами, Дауани, міне, бұлар Абай дүниетанымынан, көркемдік әлемінен мықтап орын алған. Абайдың күлаш жайған өрісі:

Иузи раушан, көзи гәуһар  
Лаһилдек бет үши әһмар...

Міне, бұл „аруз“ өлең өлшемінің Абай поэзиясындағы өзінше бір көрінісі, Абай ізденістерінің бір қыры.

Абай әйгілі бестік (Хамса) формасында жазылған Ескендір (Александр Македонский) туралы дастанды да өзінше жазған ақын.

Иә, Абай әлемі шексіз. Оның замана көшін түзу жолға бастайтын ғұлама ойлары әсіресе, қазір бізге ауадай қажет. Әлемдік деңгейге көтерілген Абай мұрасының бізге берер тағлымы — бүкіл адамзат баласына тән құндылықтар мен игіліктерге талмай ұмтылу, барша халықтарды ортақ бір арнаға құятын үрдістерге шақыру. Осы бір күндері Абайтану ілімі жаңа

бір серпілістерді бастан кешіруде, егемен Қазақстанның өткені: бүгінгісі және болашағы туралы ой-сананың қайта бір түлеп, барымыз бен жоғымызды сана сүзгісінен қайта бір өткізіп жатқан түсымызда Абайдан үйренудің қажеттігін біз айрықша сезінудеміз. Ал ол сабақ — адам баласына жамандық келтірмеу, халықтар достығының байрағын мықтап ұстау, ғылымға, біліге үмтылу, өзге халықтардың барлық саладығы озық, гуманистік жетістіктерін игеру болып шығады. Сондықтан да біз Абайды рухани көсем тұта отырып, бүгінгі егеменді тәуелсіз Қазақстанның да рухани-адамгершілік мұратын әлем жұртшылығына жария етеміз.

Абай әлемін біз әлі толық игерген жоқпыз. Осыдан болар ұлы ақынның қазіргі ұрпақтары Абайды бүкіл әлемдік тұлға ретінде танытуда кемшін түсіп жатқан жақтары бар... Солай бола тұрса да қазір біз өзімізді толғандырған талай сауалдардың жауабын Абайдан табудамыз. Уақыт өтер, заман ауысар, бірақ Абайдың берер тағлымы, қуаты мол жүрек жылуы қасиетті сөзі әр ұрпақпен етене жақын табыса бермек.

Абай мұрасының көкейкестілігі мен маңыздылығы да осында.